



010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»  
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

010000, город Астана, «Дом министерств»  
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты,  
«АМАНАТ»  
фракциясының мүшесі  
М. Ергешбаевқа

2023 жылғы 21 қыркүйектегі  
№ ДС-330 депутаттық сауалға

### Құрметті Мұрат Нәлқожаұлы!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландырудың қолданыстағы әдістемесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Сіздің депутаттық сауалыңызға келесіні хабарлайды.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 62-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік білім беру кәсіпорындарын, басқа да ұйымдық-құқықтық нысандардағы білім беру ұйымдарын қаржыландыру **мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде** жүзеге асырылады және жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – ЖАО) құзыретіне кіреді.

Мемлекеттік білім беру кәсіпорындары үшін мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне<sup>1</sup> (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген **өзге де шығыстармен** айқындалады.

Осыған қоса, Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларының<sup>2</sup> (бұдан әрі – Қағидалар) 8-тармағына сәйкес ЖАО **Әдістемеді бекітілген мөлшерден жоғары нормативті белгілей** алады.

Өз кезегінде, Әдістеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген, оның ішінде Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттары<sup>3</sup> (бұдан әрі - *Үлгілік штаттар*) негізге алынған.

Әдістемеге сәйкес жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативіне **белгіленген шығыстар** (еңбекақы төлеу қоры; оқу шығындары; коммуналдық шығындар; байланыс және интернет қызметтерін төлеуге арналған шығыстар; ғимараттарды, құрылыстарды, компьютерлік және ұйымдастыру техникасын, интерактивті жүйелерді

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы

ағымдағы жөндеу, күтіп ұстау және оларға қызмет көрсету шығындары; білім беру ұйымының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді сатып алу шығындары) кіреді.

Әдістемеді республиканың барлық өңірлері бойынша **коммуналдық қызметтерге нақты шығыстар** ескерілген (оның ішінде дизель отынмен жылыту).

Есеп айырысу қорытындысы бойынша коммуналдық қызмет көрсетуді тарифтеу негізінде өңірлер 4 топқа бөлініп, онда Қызылорда облысы **жоғары шығынды** топқа енгізілген.

Тамақтануға арналған шығыстар жан басына шаққандағы нормативтің құрамында қаралмайды және қолданыстағы заңнамаға сәйкес ата-аналар төлемі болып табылады. Өз кезегінде, Заңның 6-бабы 7-3 тармағына сәйкес ЖАО ата-ана төлейтін төлемақының мөлшерін бекітеді. Бұл ретте әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары үшін балабақшада тамақтану тегін.

*Үлгілік штатқа қатысты.*

ЖАО білім беру ұйымының штаттық кестесін оның жобалық қуатын, контингентін, басқа да ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығына сәйкес әзірлейді.

**Министр**

**Ғ. Бейсембаев**

*Орын: А. Сарсенбаева*

*Тел.: 74-24-98*